

Б. БӘБІЖАН

ЖЕТИСУ ӘНШПЛК ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРЕІ

Жетісу өн өнерін зерттеуді ең алғаш қолға алған адамдардың бірі – өнертану ғылымдарының кандидаты, музыка зерттеушісі Алма Темірбекова. Қазақ радиосының “Алтын қорында” оның 1985 жылы жазылған 25 минуттық “Песни Семиречья” атты радиохабары сакталған. Оnda ол “Жетісу өнірінің музикалық мұрасын зерттеу 1957 жылы Жоғарғы Кеңестің бүйрығымен консерваторияда фольклорлық лабораторияның ашылуымен байланысты”, – дейді. Сол жылы Қазақстанның бүкіл өнірлеріне ғылыми экспедициялар үйімдастырылып, зерттеуші А. Темірбекова Жетісу жерінің өндерін жинақтауды бастаған. Зерттеу нәтижесінде ғалым “Қазақтың халық өндері” атты жинақ шығарады [1]. Аталмыш жинақтаған ғалым жұмыс барысында оған ғұрыптық, өндердің, лирикалық, қалжың өндердің көп кездескенін айтады. Мәселен “Ауру шалдың өні” деген қалжың өн, “13 жаман” деген өситеттермесі, “Бактыбайдың өні” деген авторлық өндерді зерттеуші өз құлағымен естіп, жазып алып, радиохабар жасап, нотаға түсіріп жарыққа шығарған. Ал қазіргі кезде бұл өндер мұлдем әншілердің репертуарында кездеспейді.

Көп жылдар бойы зерттеу нысанасынан тыс қалған Жетісу өлкесінің өндері тек 1998 жылы гана толық жинақталып „Өнер” баспасынан „Жетісу өуендері” деген атпен жарық қөрді. Өндерді жинап нотаға түсірген, осы өлкеде туып-өсken жас ғалым, музыка зерттеуші Базаралы Мұптекеев болса, өн мәтіндерін жинақтап басаяғын толықтырған филология ғылымдарының кандидаты Сагатбек Медеубекұлы. Бұл жемісті еңбек бірнеше бөлімдерден тұрады. Жинақ салт-дәстүр өндері, қара өлнедер және көсіби-авторлық өндер деп бөлінген. Бұл жинақтан Жетісу өндеріне және әнші, композиторларына байланысты толық мағлұмат алуға болады. Бұның алдында да Жетісуға жататын бір өнірдің ғана өндері жинақталған „Қазығұрт өуендері” атты жинақ жарық қөрген [2].

Жалпы Жетісу өндерін ең әуелі мәтінінен, содан кейін өуендік жағынан басқа дәстүрлерден тез ажыратып алуға болады. Көптеген Жетісу өндерінің сөздерінде жер-су аттары кездеседі. Мәселен “Дегенде Сарыбеткей, Сарыбеткей”,

немесе “Біздің ауыл сұрасан Тоғызбұлак”, “Орта Меркі, Шет Меркі”, “Аулым менің Үшқақпак, Нарынқолдың аймағы”, “Майтөбе жайлауы-ай”, «Сусамыр – елдің жайлауы-ай», «Ауылым Кеген бойында» деген атаулар мен сөзтіркестер жиі кездеседі.

Жоғарыда айтылғандай Жетісу жерінде ғұрыптық, салт-дәстүр өндер ете қатты дамыған. Мәселен, Қазақстанның басқа өнірлеріне қарашанда мұнда «жоқтау» жанрының өзі, орындалу рәсіміне байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: *естірту, дауыс, дауыс айту, жылау* деп аталады. Әуендейк жағынан Жетісу жоқтауларының диапазоны кіші терциядан аспайды, ал «дауыстардың» диапазоны кенірек, мәтінінде баяндау болған соң, өуені де терме текстес келеді. Осы өлкеге кең тараған жанрлардың тағы бірі «жарапазан» деп аталады. Бұл өн мұсылмандық салт-дәстүр бойынша, ораза айында айтылады. Әдетте ауыз ашылған соң кішкентай балалар немесе жасөспірімдер топтасып көше аралап, өр үйдің түсына барып жарапазан айтып, өндеге сол үйдің иесін мақтап, көнілін табуға тырысады, Ал үй иесі болса өз кезегінде жарапазанды естіген соң үйінен ақша, немесе тәтті тағамдар алып шығып жарапазан айтушыларға таратуы тиіс.

«Үйің, үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі бие екен,
Ақ сарайдай көрінген
Қайсы байдың үйі екен» [3,18].

Әуендейк құрылышы жағынан жарапазан өндері қарапайым болады, көбінесе октава ауқымынан аспайды. Олардың қысқа да болса міндетті түрде қайырмасы болады. Себебі өн сөзіне бүкіл қауымды ораза айымен құттықтайтын сөздер осы қайырмасында айтылады.

Салт-дәстүр жанрына жататын тағы бір өн «тойбастар» деп аталады. Басқа өнірлерде кездесе бермейтін бұл жанрдың тамыры теренде жатыр. Осы күнге дейін үзілмей орындалып журген Жетісу тойбастарларының сөздерінен-ақ олардың көнелігін және қай өлкенікі екендігін білуге болады.

«Баста десен бұл тойды Албан бастар,
Бастай алмай отырған есіл жастар» [3,24].

Бір қызығы тойбастар өні тойдың сонында айтылады, оның мағынасы «той тойға ұлассын» деген тілекке саяды.

Бұл өлкеде «сыңсу» жанры да ерекше дамыған. Сыңсудың өзі: «жұбату», «қоштасу», «қыздың қоштасуы» болып бөлінеді. Әуендік құрылышы жоқтауларға өте жақын, оның тек өн мазмұнданған салынған жанры екенін білуге болады.

Ел ішінде осы күнге дейін ғұрыптық басқа жанрлар да жақсы сақталған. Қазақстанның барлық өлкесіне тән «бесік жыры» жанры да Жетісуда күні бүгінге дейін айтылады.

Жетісү жерінде аса бір үлкен және кең тараған жанрлардың бірі – «қара өлең» жанры. Жоғарыда аталған жинақтың ішінде 114 қара өлең үлгілері енген. Бұл өлкеде қара өлеңдер осы күнге дейін өздерінің өлеуметтік мәнін жоймаган. Әуендік жағынан қарапайым бұл өндердің құрылышы көбінесе октава ауқымында жүреді. Әндердің басым қөпшілігі мажорлы ладта, яғни көтеріңкі көңіл күйде айтылады.

Жетісү өніріндегі кәсіби өншілік дәстүр, басқа өлкелердегідей XIX ғасырдың сонында қалыптасты. Мұндағы өншілік мектептің қалыптасуына себепші болған, дінгегіне ту тіккен – өн дүлділі Кенекен деп айтсақ қателеспейміз. Зерттеуші-ғалым Мырзатай Жолдасбеков өзінің „Тоқсан толғай” атты еңбегінде Жетісуда Кененнен бұрын да өншілердің, сал-серілердің болғандығын жазады. Фалымның пайымдауынша, олар XIX ғасырдың басында өмір сүрген Ақан, Біржандардың замандастары Дәурен сал, Тәкен сал деген сал-серілердің жұрнағы, өнші-сазгерлер [4,5].

Кенжелеу қалыптасқан мектеп болса да, Жетісү жері бірталай өнші-композиторларды ту-дырған. Олардың алды Қапез, Пішан, Сәдіқожа, Сауытбектер болса, кейінгі өншілік өнер Қарға, Әсімхан, Дәнештермен жалғасқан.

„Жетісү өуендері” жинағында олардың өмір-баяны және шығармаларымен жақыншырақ танысуга болады. Жетісү жеріне кең тараған Кененнің „Бозторғай”, „Көкшолак”, Қапездің „Меркі”, „Айхай”, Пішаниң „Қайша”, Сауытбектің „Ақ-

бөпе” сияқты өндерінің нотаға түскен композициялық құрылышынан бұл өлкенің авторлық-көсібі өндерінің күрделілігін бірден аңғаруға болады. Бұл авторлардың әрқайсысы жеке зерттеуді қажет етегін тарихта қайталанбас тұлғалар.

Жалпы Жетісү жері, бұрынғы 19 облыстың төртеуін қамтиды. Ал қазіргі атаумен бұл өлкеге Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстары кіреді. 1984 жылы шыққан Қазақ ССР-ның қысқаша энциклопедиясында бұл аймақтың орналасуы жайында былай жазылған: „Жетісү Қазақстанның онтүстік-шығыс бөлігі мен Қырғыз ССР-ның солтүстік бөлігін қамтитын тарихи аймақ. Ол жеті өзенмен шектеліп қоймайды. Жетісү – Алакөл көлінен бастап, Тарбағатай тауының сілемдеріне дейінгі, Талас жазығынан Қаратрудың етегіне дейінгі, Балхаш көлінен бастап Тянь-Шань, Кетпентау және Іле Алатауының жоталарына дейінгі аралықты қамтиды. Құрамына Лепсі, Басқан, Сарқант, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу өзендерінің қатарына Іле, Аягөз өзендерін де қосады” [5].

Жетісү өндерінің кейбіреулері арқа өндеріне үқасаса, енді біреулерінен Алтай-Тарбағатай, Шығыс жақтың иісі аңқиды. Ал кейбір өндерінде Қытай, Монголия өндеріне тән пентатоникалық лад кездеседі. Жетісү өндерінің мұндай әрқильтілігін тек қана жердің солай орналасуымен ғана түсіндіруге болатын сияқты. Жетісү өндерін зерттеу жұмысы, осы күні жақсы бастау алды деп айтуда болады. Дегенмен де жақсы, сенімді ой-пікір айту үшін өлде де өлкенің жағрафиялық орналасуын, тарихи тамырын терен зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Темірбекова А. Қазақтың халық өндері. Алматы: Өнер, 1972.
2. Темірбаев Р. Қазығұрт өуендері. Алматы: Өнер, 1991.
3. Медеубекұлы С., Мұнтекеев Б. Жетісү өуендері. Алматы: Өнер, 1998.
4. Жолдасбеков М., Төрекұлов Н. Тоқсан толғай. Алматы: Өнер, 1992.
5. Қазақ ССР-нің қысқаша энциклопедиясы. Алматы: Өнер, 1984.